

«Әсемдік әлемі» эстетикалық сауаттылық апталығында өткізілген іс-шаралары бойынша қорытынды ақпарат

2023 жылдың 16-20 қазан күндері аралығында, білім алушылардың көркем еңбекке, музыка әлеміне деген қызығушылығын арттыра отырып, қолөнер арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және құндылықтарға тәрбиелеу мақсатында "Әсемдік әлемі" эстетикалық сауаттылық апталығы өткізілді.

I- күн – «Әсемдік әлемі» қазанның 16-сы күні «Шеберлер әлеміне саяхат» апталықтың ашылу салтанатында 1- сынып оқушылары қолөнерінен дефиле, 4 - сынып оқушылары мамандық таңдау жолы мектептен басталатынын және 9 сынып оқушылары агитбригадада айтып насихаттады.

3 «Б» сынып жетекшісі К.Д. Нұрмаханова «Түстер әлемінде» ойын- саяхат түрінде сынып сағатын өткізді.

II- күн – «Шеберлер қаласы» қазан айының 17-сі күні көркем еңбек пәні мұғалімі А.А. Жексембаева 8-9 сыныптар арасында "Күз байлығы" табиғи материалдан жасалған бұйымдардан көрме және 5-7 сыныптар арасында «Күзгі салат» шеберлік сынып өткізді. Оқушылар түрлі көкенис, жеміс-жидектен салат дайындап, әр оқушы өздерінің дайындаған салаттарының дәрумендерге бай, адам ағзасына пайдасы мол екенін жан-жақты айтып өтті.



Музыка пәні мұғалімі Сейфуллина Гулсинаның ұйымдастыруымен "Әуенін тап" викторина ойыны өтті.

III- күн-«Этикет күні» 6,7,8- сыныптар арасында «Күзгі ғажайып көрініс» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың қиял ғажап туындылары қойылды.

Музыка пәні мұғалімдері Д.Сарсембекова мен Г.Сейфуллинаның ұйымдастыруымен «Жігіт сұлтаны» байқауы 9,10 сыныптар арасында өтті. Бұл сайыста оқушыларымыз өз өнерін көрсетіп қоймай, салт-дәстүрімізді, өз білімдерін, шеберліктерін көрсете білді.

IV- күн- «Шығармашылық күн»19- күні Айжан Нұржанқызының ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында «Арайлы алтын күз!» кеші өткізілді. Сайысқа қатысушылардың арасынан күз ханзадасы мен ханшайымын анықтап, оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау мақсатында сайыс өтті.

V -күн- «Күзгі түстер» 20- қазан «Сиқыршы күз» сыныптан тыс жоспарланған іс- шаралар өткізілді



Мектеп директорының м.а.



А.Т. Абдуалиева